

«Friendly Finance Kazakhstan МҚҰ» ЖШС
(MyCredit.kz сауда маркасы)
қарыз беру қағидасы

- **Жалпы ережелер**

- 1.1 Осы «Friendly Finance Kazakhstan МҚҰ» ЖШС-нің қарыз беру қағидасы (бұдан әрі — Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге қолданыстағы заңнамасына және «Friendly Finance Kazakhstan МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
- 1.2 Осы Қағида Серіктестік пен жеке тұлға (бұдан әрі - Қарызгер) арасында туындайтын және Қарызгердің Серіктестіктен қарыз алуымен байланысты қатынастарды реттейді. Қағида Қарыз беруге өтінімді беру тәртібін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ қарыздарды алумен\берумен және қызмет етумен байланысты өзге шарттарды белгілейді.
- 1.3 Қарызгер мен Серіктестік ҚР АҚ 152-бабының 3-тармағына сәйкес электрондық құжаттар немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі, Серіктестіктің SMS-хабар арқылы ұялы телефонға жіберетін растау үшін арнайы динамикалық кодты ендіру (белсендендіру) жолымен қарыз алуға Қарызгердің келісімін алу Шарттың жазбаша нысанға теңестіріледі деген келісімге келді.

- **Терминдер мен анықтамалар**

- 2.1. *Ақцент* — Қарыз сомасын аударумен, не Қарыз шарты бойынша Қарызды өтеу мерзімін ұзартумен, не Қарыз шарты бойынша Қарызгердің берешегін қайта құрылымдаумен көрсетілген Серіктестіктің Қарызгердің Офертасы шарттарымен келісімі;
- 2.2. *Сауалнама* — Қарызгер Серіктестіктің Сайтында тіркелу кезінде өз бетінше берген Қарызгер туралы деректерді қамтитын құжат;
- 2.3. *Сыйақы* – ақшаны (Қарызды) пайдаланудың әрбір күні үшін Қарыз шартында жылдық мөлшер есебіне орай Негізгі борышқа пайыздық көрінісінде белгіленген мөлшерде Қарызгер Серіктестікке төлейтін төлемақы;
- 2.4. *Кепілдік* - бұл оған сәйкес Қарызгер Қарыз шарты бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе лайықсыз орындаған жағдайда берешек сомасын Серіктестікке төлеу міндеттемесін Кепіл өзіне қабылдайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі;
- 2.5. *Кепіл* – Қарызгер тартқан және осы Қағиданың талаптарына жауап беретін, Қарыз шарты бойынша Қарызгермен бірге толық жауапкершілікті көтеретін төлемге қабілетті жеке тұлға.
- 2.6. *Төлемдер кестесі (қайта құрылымдау кезінде)* — Қарыз сомасы, Қарызды өтеу әдістері, Қарызды беру және өтеу және Қарыз бойынша сыйақы, Қарызгер төлеуі тиіс ақша сомалары, төлемдердің кезеңділігі (кезекті төлемдердің күні мен мөлшері) туралы ақпаратты қамтитын кесте;

- 2.7. *Қарыз шарты* – Қарызгердің Қарыз беру туралы Офертасын Серіктестіктің Акцепттеуі жолымен Қарызгерге Серіктестік пен Қарызгер арасында жасалған және осы Қағиданың талаптарына жауап беретін ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарына қарызға ақша қаражаттарын беру туралы шарт;
- 2.8. *Өтінім* – Серіктестік белгіленген нысан бойынша жасаған, Қарызгердің Серіктестікке Қарыз беру туралы Оферта/Қарыз шартының мерзімін ұзартуға Оферта/Қарыз шартын қайта құрылымдауға Оферта түріндегі ұсынысын қамтитын құжат;
- 2.9. *Қарыз* – Серіктестік Қарызгерге Қарыз шартының талаптарына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тұтынушылық мақсаттарға беретін Қазақстан Республикасындағы валютасындағы (теңге) ақша;
- 2.10. *Берешек* – Серіктестік Қарыз шарт бойынша төлеуі тиіс барлық ақша сомалары, соның ішінде Негізгі борыштың сомасы, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақының, комиссияның, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың және өсімпұлдың) сомасы және осы Қағидамен және/немесе Қарыз шартымен көзделген өзге төлемдер;
- 2.11. *Қарызгер* – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, 18 жасқа толған, жеке кәсіпкер болып табылмайтын, қарыз беру туралы Офертасын Серіктестік акцепттеген және осылайша Серіктестікпен Қарыз шартын жасасқан қабілетті жеке тұлға.
- 2.12. *Жеке кабинет* – Қарызды берумен және қайтарумен байланысты барлық мәселелер бойынша өзінің есептік жазбасына қол жеткізу және операцияларды жасау және Сайттың сервистерін пайдалану жөніндегі берілетін мүмкіндіктерімен Қарызгер үшін ғана қолжетімді Серіктестік пен Қарызгердің өзара әрекеттестігінің электрондық механизмі;
- 2.13. *Жаңа қарызгер* - Серіктестікпен Қарыз шартын алғаш рет жасасқан Қарызгер;
- 2.14. *Оферта* – Қарызгердің Серіктестікке осы Қағиданың талаптарымен Қарыз шартын жасасу/Қарыз шартының мерзімін ұзарту/Қарыз шартын қайта құрылымдау ұсынысын қамтитын құжат;
- 2.15. *Негізгі Борыш* - жасалған Қарыз шартының шеңберінде Серіктестіктен Қарызгер алған ақша сомасы. Соманы толық емес/ішінара өтеген жағдайда, Негізгі Борыш болып белгілі бір уақыт кезеңінде қайтарылуы тиіс Қарызды пайдалану кезеңі ішінде Қарызгер жүргізген өтеулерді шегерумен Қарыз сомасы саналады;
- 2.16. *Әлеуетті Қарызгер* – жеке кәсіпкер болып табылмайтын, Серіктестікпен Қарыз шартын жасасуға ниетті жеке тұлға;
- 2.17. *Ұзарту* - Қарыз шартының талаптарын, атап айтқанда: Қарыз беру мерзімін өзгерту (оны созу);
- 2.18. *Қайта құрылымдау* — Қарыз шартының талаптарын Қарызгердің қалыптасқан берешегін Төлемдер кестесін жасау жолымен төлеу бөлігінде өзгерту;
- 2.19. *Сайт* – Серіктестіктің www.mycredit.kz **HYPERLINK** ["http://www.mycredit.kz/"](http://www.mycredit.kz/) **HYPERLINK** "http://www.mycredit.kz/"_ адресі бойынша орналасқан интернетсайты;

2.20. *Сертификат* – Серіктестік аккредиттеген заңды тұлға Қарызгердің төлемге қабілеттілігін растау үшін Қарызгерге беретін құжат. Аккредиттелген заңды тұлғалардың тізімін Серіктестік Сайтқа орналастырды.

2.21. *Серіктестік* — «Friendly Finance Kazakhstan» (Фрэндли Файненс Казахстан) Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 161240019458, тіркелген мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бұқар Жырау бульвары, 26/1, 7 н.п.

Осы Қағидада пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Оферталарға, Өтінімдерге, Қарыз шарттарына және осы Қағидаға сәйкес Қарызгер мен Серіктестік арасында ресімделетін өзге құжаттарға таралады. Қарыз шартының мәтіні бойынша терминді біржақты түсіну мүмкін болмаған жағдайда, бірінші кезекте осы Қағидада белгіленген термин анықтамасы қабылданады.

• **Қарыз параметрлері**

3.1. Қарыз қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық шарттары сақталған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, тұтынушылық мақсаттарына беріледі.

3.2. Қарызды Серіктестік 10 000 (он мың) теңгеден 150 000 (жүз елу мың) теңгеге дейін 7 (жетіден) 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге береді. Қарыз мөлшері 500 (бес жүз) теңге ең аз қадаммен таңдалады, Қарыз мерзімі 1 (бір) күнтізбелік күн ең аз қадаммен, бірақ 7 (жіт) күнтізбелік күннен кем болмайтын болып таңдалады.

3.3. Әлеуетті Қарызгер Қарыз алуға алғаш рет жүгінген кезде Қарыздың ең көп сомасы 70 000 (жетпіс мың) теңгеден аспайтын мөлшерде беріледі.

3.4. Қарызгер 2 (екінші) және кейінгі Қарыз алуға жүгінген кезде, Қарызгер алдыңғы Қарыздарын және олар бойынша сыйақыны уақтылы өтеген кезде Қарыздың ең көп сомасы 150 000 (жүз елу мың) теңгені құрайды.

3.5. Офертада Әлеуетті Қарызгер Қарыз сомасын және мерзімін өз бетінше анықтайды.

• **Офертаны жіберу тәртібі**

4.1. Серіктестік келесі талаптар сақталған кезде Қарыз алуға Өтінімді қарайды:

4.1.1. Әлеуетті Қарызгер Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады;

4.1.2. Әлеуетті Қарызгер Өтінім беру кезінде 21 (жиырма бір) жасқа толған және 63 (алпыс үш) жастан аспаған;

4.1.3. Әлеуетті Қарызгер Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркелген;

4.1.4. Әлеуетті Қарызгердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі Әлеуетті Қарызгердің атына шығарған қолданыстағы банк карточкасы және/немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі Әлеуетті Қарызгердің атына ашқан ағымдағы шоты бар.

Төлем карточкасы корпоративтік немесе Әлеуетті Қарызгердің атына ашылмаған негізгі банк шотына шығарылған қосымша карточка болмауы тиіс.

- 4.1.5. Әлеуетті Қарызгердің Қазақстан Республикасындағы ұялы байланыс операторының мобильді телефон нөмірі бар, оның Қарызгерге тиесілігі Сайтта Өтінім толтыру кезінде SMS-хабармен алынған кодтың көмегімен анықталады.
- 4.2. Қарыз алу ниеті бар Әлеуетті Қарызгер Сайтқа орналастырылған Сауалнаманы толтыру жолымен Сайтта тіркелуі тиіс. Бұл ретте Әлеуетті Қарызгер Серіктестікке келесі ақпаратты береді: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); жынысы; туған күні және жері; жеке куәлігінің деректері; ЖСН; тұрғылықты жері және тұру ахуалы (Әлеуетті Қарызгердің жалдауы немесе оның меншігінде болуы), отбасылық жағдайы, асырауындағы адамдар саны, білім деңгейі; жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер; Өтінім берген күнгі айлық табысының мөлшері; келесі жалақы алатын күні; тұратын өңірі; нақты тұратын мекенжайы; тіркелген мекенжайы; қазіргі мекенжайында тұру уақыты; телефон нөмірі; үй телефонының нөмірі (бар болса); жұмыс телефонының нөмірі (бар болса); электрондық почта; банк деректемелері және өзге ақпарат.
- 4.3. Сауалнаманы толтыру кезінде Қарызгер қажетті жолақтарды толтыру арқылы Қарыз алу тәсілін өз бетінше таңдайды (соның ішінде, бірақ шектелмей: банк шотының нөмірі, екінші деңгейдегі банк атауы, төлем карточкасының нөмірі).
- 4.4. Оферта жіберудің алдында Өтініш беруші Құпиялылық саясатымен танысуға міндетті.
- 4.5. Әлеуетті Қарызгер Оферта беру жолымен осы Қағидаларда көзделген тәртіппен мыналарға келіседі:
- 4.5.1. Серіктестік деректерінің Құпиялылық саясатына сәйкес Серіктестік Сайт арқылы, SMS-хабар арқылы, ауызша және жазбаша түрде Серіктестікке еркімен, өз бетінше және өз мүддесі үшін беретін оның дербес деректерін, Серіктестік болашақта Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес кез келген байланыс құралдарын пайдаланумен алатын дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады. Бұл ретте дербес деректерді өңдеу деп жасалған Қарыз шартының шеңберінде, оның ішінде үшінші тұлғалардың кез келген әрекеттерді, соның ішінде, бірақ шектелмей, Шарт бойынша кешіктірілген берешекті Қарызгерден өндіріп алуға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында жасайтын дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, кейіпсіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер ұғынылады, сондай-ақ дербес деректерді жинауды және өңдеуді үшінші тұлғалар автоматтандыру құралдарын пайдаланумен немесе мұндай құралдарды пайдаланбай, соның ішінде, жинау, жазу, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, беру (ұсыну, тарату, рұқсат беру), оның ішінде трансшекаралық беру, кейіпсіздендіру, бұғаттау, алып тастау және жою арқылы жүзеге асырылатын болады;
- 4.5.2. Қарыз шартын жасасу не Қарыз беруден бас тарту мақсаты үшін, сондай-ақ Қарызгер Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Қарыз шартына сәйкес тиісті ақша сомасын соттық немесе сотқа дейінгі тәртіппен одан әрі өндіріп алу үшін дербес деректерді пайдалануға;
- 4.5.3. Серіктестік алынған барлық дербес деректерді Қарызгер Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін толықтай лайықты орындаған кезге дейін пайдалануға құқылы.

- Әлеуетті Қарызгер Серіктестіктің қызметтері және шаралары туралы жарнамалық материалдар мен ақпаратты Серіктестіктен алуға келіседі;
- 4.5.4. Серіктестік өз қалауы бойынша кез келген үшінші тұлғалардан Қарызгер туралы ақпаратты сұрауға құқылы;
- 4.5.5. Кредит бюроларынан Қарызгер туралы мәліметтер алуға және Серіктестіктің Қарызгер туралы кредит есебін кредит бюросына беруіне келіседі. Кредит бюросын таңдау құқығы Серіктестікке беріледі.
- 4.6. Әлеуетті Қарызгер Қарыз алуға Оферта беру жолымен осы Қағидаға қосылып, толтырылған деректердің дұрыстығын Серіктестік Сайтындағы Қарызгердің Жеке кабинетінде Сайтта Сауалнама толтыру (тіркелу) кезінде Қарызгер көрсеткен мобильді телефонға Серіктестік Әлеуетті Қарызгерге жіберген арнайы динамикалық кодты белсендендіру арқылы растайды.
- 4.7. Егер Әлеуетті Қарызгер Қарызды осы Қағидада көрсетілген шарттармен алуға келіссе, ол Серіктестік Сайтындағы Қарызгердің Жеке Кабинетінің механизмін пайдаланумен Серіктестікке Оферта жіберу арқылы Қарыз шартын жасасуға өз келісімін растауы тиіс. Шарт жасасуға келісімнің растамасы Сайтта Офертаны толтыру кезінде Қарызгер көрсеткен мобильді телефонға Қарызгерге Серіктестік жіберген арнайы динамикалық кодты Қарызгердің Жеке Кабинетінде белсендендіру болып табылады. Аталған арнайы динамикалық код бірегей болып табылады.
- 4.8. Қарызгер мен Серіктестік Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152бабының 3-тармағының ережелеріне сәйкес Қарыз шартын Қарызгердің арнайы динамикалық кодты белсендендіру жолымен келісуі мәмілені жазбаша нысанда жасауға (Қарыз шартын жасасуға) теңестірілетінімен және нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құқықтық салдарларға алып келетінін, сондай-ақ Тараптардың екеуі үшін бірдей заңдық күші бар екенін және дауларды, соның ішінде сот тәртібімен шешу кезінде Шарт жасасудың дәлелі болып табылатынымен келісті.
- 4.9. Серіктестік алған Офертаны Әлеуетті Қарызгер қайтарып ала алмайды. Соның ішінде, егер Әлеуетті Қарызгер Қарыз сомасын Әлеуетті Қарызгерге аудару жолымен Серіктестік Офертаны Акецепттегеннен кейін Қарыздан бас тартса, Әлеуетті Қарызгер Серіктестік Қарызды берген кезден бастап 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде Серіктестікке Қарыз сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге және осы Қағиданың 11-бөлімінде көрсетілген Серіктестіктің банк шотына Қарыз сомасын қайтаруға міндетті. Осы тармақта көрсетілген талаптардың Әлеуетті Қарызгер тарапынан бұзылуын Әлеуетті Қарызгердің Қарыз шартымен келісу фактісі растайды және Әлеуетті Қарызгердің Қарыз шартымен көзделген талаптарды орындау міндеттеріне алып келеді.
- 4.10. Серіктестік Қарызгер берген Офертаны Акецепттеуге дейін қызметтер көрсетуге және осы Қағидамен көзделген міндеттемелерді көтеруге міндетті емес.
- 4.11. Қарызгер Офертаны жібере отырып, Серіктестікке жазбаша нысанда өтініш жіберу жолымен Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін толықтай лайықты орындаған кезге дейін оның дербес деректерін пайдалануға келісімді қайтарып алу мүмкіндігі туралы хабардар екенін растайды. Бұл ретте Серіктестіктің Қарызгерден дербес

деректерді жинауға және өңдеуге келісімді қайтарып алу туралы өтініш алынғаннан кейін дербес деректерді өңдеуді: 1) тиісті қызметті/операцияны/төлемді көрсету аяқталған кезге дейін;

- Қарыз шарты орындалған кезге дейін;
- егер дербес деректерді өңдеуді жалғастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарымен (мұндай жағдайда дербес деректерді өңдеу заңнама талаптарын орындау үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады) және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен шарттастырылған болса, жалғастыруға құқылы екеніне келіседі.

- **Офертаны қарау тәртібі**

- 5.1. Серіктестік осы Қағиданың ережелерін ескере отырып, Әлеуетті Қарызгер Офертада көрсеткен мөлшерде және талаптармен Қарыз беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді Әлеуетті Қарызгер Серіктестікке Офертаны жіберген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.
- 5.2. Қарыз беру шарттарының бірі Әлеуетті Қарызгердің Серіктестік аккредиттеген компаниядан Төлем қабілеттілігі сертификатын, не үшінші тұлғаның Кепілдігін беруі болып табылады.
- 5.3. Қарыз беруді тоқтата тұру немесе беруден бас тарту туралы шешімді Серіктестік Әлеуетті Қарызгер берген Офертаның негізінде, сондай-ақ осы Қағиданың шарттарымен Серіктестік сұрайтын қажетті құжаттар мен қосымша ақпараттың болуына/болмауына орай қабылдайды.
- 5.4. Серіктестік Әлеуетті Қарызгерге Қарызды мынадай жағдайларда бермеуге құқылы:
 - 5.4.1. Қарызгер берген ақпарат/құжаттар Қарызгердің төлеуге қабілетсіз болуы мүмкін екенін куәландыратындықтан, Серіктестікте Қарыздың уақытында қайтарылмайды деп пайымдауына негіздеме болған;
 - 5.4.2. Әлеуетті Қарызгер туралы деректердің осы Қағидамен белгіленген Қарыз беру талаптарына сәйкес келмеуі;
 - 5.4.3. Әлеуетті Қарызгер берген ақпарат дұрыс болып табылмайды;
 - 5.4.4. Әлеуетті Қарызгердің бұрын берілген Қарыздар бойынша Серіктестік алдында өтелмеген берешегінің (оның ішінде қайтару мерзімі Қарызгердің кезекті Қарыз алу үшін жүгінуі кезінде басталмаған Қарыз бойынша берешектің) болуы;
 - 5.4.5. Қарызгердің кредит тарихында Қарызгердің үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін лайықсыз орындауы туралы мәліметтер бар.
- 5.5. Серіктестік Әлеуетті Қарызгерді Қарыз беру немесе Қарыз беруден бас тарту туралы қабылдаған шешімі туралы кез келген қолжетімді тәсілмен, соның ішінде Әлеуетті Қарызгер Өтінімді көрсеткен электрондық почта арқылы хабарландырады және бұл ретте осындай бас тартудың себептерін түсіндіруге міндетті емес.
- 5.6. Серіктестік Қарыз беру туралы шешім қабылдау мақсатында мына құжаттарды сұрауға құқылы және бұл жағдайда Әлеуетті Қарызгер Серіктестіктің: help@mycredit.kz адресіне олардың түпнұсқасын және/немесе сканерден өткізілген түпнұсқасын беруі міндетті:
 - 5.6.1. жеке басты куәландыратын құжат;

- 5.6.2. өзі туралы ақпаратты кредит бюросына беруге Қарызгердің қолын қойған қағаз жеткізгіштегі Келісімі;
- 5.6.3. кредит бюросынан өзі туралы ақпарат алуға Қарызгердің қолын қойған қағаз жеткізгіштегі Келісімі.

• **Қарыз беру тәртібі**

- 6.1. Серіктестік Әлеуетті Қарызгерге Қарыз беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, Серіктестік Қарызгерге Қарызды Офертада көрсетілген Қарыз сомасын Қарызгердің банктік/карточкалық шотына бір рет аудару жолымен береді. Бұл ретте Әлеуетті Қарызгер Қарыз алуға алғаш рет жүгінген кезде Қарыз сомасы Қарызгердің банк шотына аударылады. Әлеуетті Қарызгер 2 (екінші) және келесі Қарыз алуды сұрап жүгінген кезде Қарыз сомасы Қарызгердің таңдауы бойынша не банк шотына, не Қарызгердің карточалық шотына беріледі.
- 6.2. Ақша аударуды Серіктестік Қарыз беру туралы оң шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады. Қарызгер Шотының эмитент банкіне байланысты ақшаның Қарызгердің Шотына түсу мерзімі 5 (Бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 6.3. Қарызгерге ақша берілген сәт болып Қарызгердің банктік/карточкалық шотына Қарыз сомасының есептелуі танылады.
- 6.4. Қарыз сомасының аударылуы Офертаны Акцепттеу болып табылады, ал Қарыз сомасын аудару күні — Қарыз шартын жасасу күні болады.
- 6.5. Серіктестік пен Қарызгер арасында жасалған Қарыз шарты бойынша қатынастар шеңберінде жүргізілетін барлық төлемдер тек қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
- 6.6. Қолма-қол ақшасыз аударымдарды жүзеге асыру, сондай-ақ қолма-қол ақшаға айналдыру үшін бөтен ұйым Қарызгерден алатын комиссияның және басқа төлемдердің ақысын төлеу Қарызгерге жүктеледі.
- 6.7. Серіктестік Әлеуетті Қарызгердің Офертасы Акцепттелген кезге дейін осы Қағидамен көзделген қызметтерді көрсетуге және міндеттемелерді көтеруге міндетті емес.
- 6.8. Мекенжайды (тіркеу және / немесе тұрғылықты мекен-жайы), сондай-ақ ұялы телефон нөмірін өзгерту кезінде Қарыз алушы Несие берушіге осындай өзгертулер енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды (help@mycredit.kz). Егер Қарыз алушы несие берушіні хабардар етпесе, хатхабарлар, SMS хабарламалар, хабарламалар, шақырулар және т.б. (бұдан әрі - хаттар) осындай хат жеткізілген күннен бастап Қарыз туралы келісімде көрсетілген мекен-жайға жіберілді және тиісінше жеткізілді деп есептеледі.

• **Кепілдік бойынша талаптар**

- 7.1. Қарызгерде Қағиданың 5.2-тармағына сәйкес Қарыз беру кезінде Сертификат болмаған кезде Қарызгер Қарыз шарты жасалған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Серіктестікке Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерінің қамтамасыз етілуіне Кепілдік береді.

7.2. Кепілдікті Серіктестік келесі талаптар сақталған кезде қабылдайды:

- 7.2.1. Кепілдік Сайтқа орналастырылған және/немесе Серіктестік Қарызгердің Жеке кабинетіне жіберген нысан бойынша түпнұсқасымен беріледі;
- 7.2.2. Кепілдің жеке басын куәландыратын құжаттарды беру (көшірмесі);
- 7.2.3. Қарыз шарты жасалғаннан ерте емес күнгі жағдай бойынша «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-нен кредиттік есеп беру;
- 7.2.4. Қарыз шарты жасалғаннан ерте емес күнгі жағдай бойынша соңғы 6 (алты) ай үшін зейнетақы аударымдары туралы үзінді көшірменің түпнұсқасын беру;
- 7.2.5. Қарыз шарты жасалғаннан ерте емес күнгі жағдай бойынша мекенжай анықтамасын беру.

7.3. Кепілге қойылатын талаптар:

- 7.3.1. 25-тен 50 жасқа дейінгі ҚР азаматы;
- 7.3.2. соңғы жұмыс орнындағы 1 (бір) жылдан кем емес жұмыс өтілі;
- 7.3.3. 200 000 (екі жүз мың) теңгеден кем емес сомадағы ай сайынғы табыс;
- 7.3.4. Серіктестіктің Қарызгері не Серіктестік алдындағы басқа міндеттемелер бойынша кепіл болып табылмайды;
- 7.3.5. кредиттік бюроның деректеріне сәйкес міндеттемелер бойынша ағымдағы мерзімі кешіктірілген берешегі жоқ;
- 7.3.6. сенімсіз салық төлеушілер тізімінде тұрған жоқ;
- 7.3.7. Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеу қойылған борышкерлер тізімінде тұрған жоқ.

7.4. Серіктестік Кепілдік бойынша Қарызгер берген құжаттарды 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде қарайды. Осы Қағиданың 7.2-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау нәтижесі бойынша Серіктестік Қарызгерді Кепілдіктік қабылдануы не Кепілдікті қабылдаудан бас тарту туралы хабарландырады. Қарызгерді хабарландыру: Жеке кабинеттегі хабарлар және хаттар арқылы/электрондық почтамен немесе басқа ыңғайлы тәсілмен жүзеге асырылады, бірақ шектелмейді.

7.5. Қағиданың 7-тарауымен көзделген шарттар сақталмаған кезде Қарызгер Қарыз шарты бойынша Серіктестік алдындағы Қарызгердің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге үшінші тұлғалардың Кепілдік беру жөніндегі міндеттемесін бұзған болып танылады және Қарызгерге Қарыз шартымен көзделген айыппұл есептеледі.

- **Сыйақы есептеу тәртібі**

8.1. Қарыз шартымен белгіленген жағдайларда Қарызды пайдаланғаны үшін Қарызгер Серіктестікке Қарыз шартымен белгіленген мөлшерде Сыйақы төлеуге міндетті. Бұл ретте Қарыздар бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі берілген Қарыз сомасының 100%-нан аспауы тиіс.

8.2. Қарыз шарты бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен анықталады.

8.3. Қарыз шарты бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне қарызгердің негізгі борыш пен сыйақы бойынша барлық төлемдері, сондай-ақ Қарыз

шартының бүкіл қолданылу кезеңі үшін комиссиялар мен қарызгердің өзге төлемдері енгізіледі.

- 8.4. Қарыз шарты бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне: 1) үшінші тұлғалардың пайдасына қарызгердің төлемдері;
2) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, қарыз шартының талаптарын сақтамауымен байланысты қарызгердің төлемдері енгізілмейді.
- 8.5. Қарызды пайдалану үшін сыйақы Қарыз алу күнінен кейінгі күннен бастап Қарызды қайтару күніне (қоса алғанда) дейін Қарыздың қалдық сомасына есептеледі.
- 8.6. Қарызды пайдалану үшін Сыйақы есептеген кезде жылдағы күндер саны 365 күнге тең болып қабылданады.
- 8.7. Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен Қарызгердің ақшалай міндеттемелерінің сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне, соның ішінде Қарыз шартымен көзделген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне алып келетін Қарыз шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда (Қарыз шартын ұзартуға/қайта құрылымдауға Оферта), Қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін Серіктестік негізгі борыш қалдығының, Қарыз шартының талаптары одан бастап өзгертін күнге кредиттеудің қалған мерзімінің, комиссиялардың және Қарызгер төлеуі тиіс өзге төлемдердің негізінде есептеп шығарады және Қарыз шартына қосымша келісімде көрсетіледі.
- 8.8. Қарызды пайдалану үшін Сыйақы төлеу осы Қағидамен және Қарыз шартымен белгіленген талаптармен Қарыз сомасын қайтарумен бірге бір төлеммен жүзеге асырылады.

• **Қарыз сомасын және Сыйақыны қайтару**

- 9.1. Қарызгер Қарыз шартында белгіленген мерзімде Қарыз сомасын қайтаруға және есептелген Сыйақыны төлеуге міндеттенеді. Қарыз сомасын және есептелген Сыйақыны қайтару Серіктестіктің банк шотына біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
- 9.2. Осы Қағидада баяндалған шарттармен берілген қарыздарды Қарызгерге қарыз берілген күннен бастап кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн өткеннен кейін Қарызгер мерзімінен бұрын толықтай немесе ішінара өтей алады, 7 (жеті) күннен кем уақытта мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Қарызгер кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн үшін сыйақы төлеуге міндеттенеді.
- 9.3. Қарызгер үшінші тұлғалар арқылы Серіктестік пайдасына ақша аударған кезде төлемдерді кідірту тәуекелін өзіне қабылдайды. Төлемнің кідіруін болдырмау мақсатында Серіктестік берешек төлемінне алдын ала ақша енгізуді ұсынады.
- 9.4. Берешекті, оның ішінде Қарыз сомасын, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын және өзге төлемдерді осы Қағидаға және Қарыз шартына сәйкес қайтару күні Берешек сомасын Серіктестіктің банк шотына есептеу күні саналады.
- 9.5. Оферта жіберу және Қарыз алу арқылы Қарызгер кез келген банктерде ашылған Қарызгердің кез келген банктік/карточкалық шоттарынан ақшаны Қарыз шартының қолданыс мерзімі ішінде осы Тараудың 9.6-тармағында белгіленген кезектілікке сәйкес есептен шығаруға Серіктестікке өзінің сөзсіз келісімін (акцепт) береді.

- 9.6. Қарызды өтеу кезінде қолма-қол ақшасыз аударымдарды жүзеге асыру үшін Қарызгерден бөтен ұйым алатын комиссиялардың және басқа төлемдердің ақысын төлеу Қарызгерге жүктеледі.
- 9.7. Қарызгердің Қарызды өтеу, ол бойынша Сыйақы төлеу тәсілдері жүзеге асырылады:
- екінші деңгейдегі банк бөлімшелері арқылы Серіктестіктің есеп айырысу шотына ақша қаражаттарын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен (комиссия мөлшері қызмет етуші банктің тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарызгер өз бетінше төлейді);
 - Қарызгердің жеке кабинетінде Қарызгердің төлем картасының көмегімен төлеу жолымен (комиссия мөлшері қызмет етуші банктің тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарызгер өз бетінше төлейді);
 - төлем терминалдары арқылы ақша қаражаттарын енгізу жолымен (комиссия мөлшері қызмет етуші төлем терминалының тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарызгер өз бетінше төлейді).
- 9.8. Серіктестік Қарызгерден түскен ақшаны Қарыз шарты бойынша Берешекті өтеуге келесі кезектілікпен жібереді:
- Қарыз шарты бойынша Қарызгердің міндеттемелерін өтеумен байланысты Серіктестіктің шығыстары;
 - Қарыз шартымен көзделген Қарыз төлемін кешіктіру үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұл/өсімпұл) сомалары;
 - Қарыз қайтарылуы тиіс болған күннен кейінгі келесі күннен бастап нақты қайтарылған күнге дейінгі кезең үшін есептелген сыйақы;
 - Қарыз берілген күннен бастап Қарыз шартының талаптарына сәйкес қайтарылуы тиіс болған күнге дейінгі кезең үшін есептелген сыйақы; 5) Негізгі борыш.
- 9.9. Қарызгер Қарызды өтеу есебіне өтеудің қажетті сомасынан асатын соманы төлеген және артық аударылған қаражаттарды қалайтын жағдайда, Қарызгер артық төлем мөлшерін және осы қаражаттарды қайтару рәсімін нақтылау үшін Серіктестікке жүгінуі тиіс (телефон нөмірі _____, email: _____).

• **Қарыз шартын қайта құрылымдау**

- 10.1. Егер Қарызгер Қарызды қайтару міндеттерін орындау мерзімін 10 (он) күнтізбелік күннен астам мерзімге бұзған жағдайда, Қарызгер Сайттағы Жеке кабинет сервисін пайдаланумен Қарыз шарты бойынша Берешекті қайта құрылымдау туралы Офертаны Серіктестікке жіберуге құқылы.
- 10.2. Сертификат берілген жағдайда кешіктіруі бар Қарыз шартын қайта құрылымдау Қарызгер қайта құрылымдауға Офертаны жіберген кезден бастап 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде кешіктірудің бүкіл кезеңі үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың/өсімпұлдың) есептелген сомасын төлеген кезде ғана мүмкін болады. Қарызгердің тұрақсыздық айыбын (айыппұл/өсімпұл) төлеуі біржолғы төлеммен жүзеге асырылуы тиіс. Қарызгер Кепілдік беру туралы талаптарды сақтаған кезде кешіктіруі бар Қарыз шартын қайта құрылымдау қайта құрылымдауға Офертаны жіберген кезден бастап 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде кешіктірудің бүкіл кезеңі үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың/өсімпұлдың) есептелген сомасын және үшінші

тұлғалардың Кепілдігін бермегені үшін Қарыз шартының талаптарымен көзделген тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеген кезде ғана мүмкін болады. Қарызгердің тұрақсыздық айыбын (айыппұл/өсімпұл) төлеуі біржолғы төлеммен жүзеге асырылуы тиіс.

- 10.3. Егер Қарызгер осы Қағиданың 11.2-тармағына сәйкес Қарыз шартын қайта құрылымдау үшін төлемді жүзеге асырмаған болса, Сыйақы және айыппұл санкциялары есептелуі және Қарызгер толық көлемінде төлеуі тиіс, ал Қарызгердің қайта құрылымдау туралы Офертасын Серіктестік Акцепттемейді.
- 10.4. Осы Қағиданың 11.2-тармағында көрсетілген сомалар Серіктестіктің шотына түскен кезден бастап Қарыз шарты Қарызгер сұраған мерзімге қайта құрылымдалған болып саналады.
- 10.5. Қарыз шартын қайта құрылымдау мерзімі 1 (бір) айдан 6 (алты) айға дейін болады. Қайта құрылымдау кезінде Берешекті қайтару жөніндегі міндеттерді орындау мерзімін Қарызгер өзі белгілейді. Бұл ретте Қарызгерге Қарыз шартына Төлемдер кестесімен қосымша келісім беріледі.
- 10.6. Егер Қарызгер 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде Төлем кестесімен белгіленген төлеу тәртібіне сәйкес ешқандай төлемдерді жүзеге асырмайтын болса, Серіктестік Берешектің бүкіл қалған сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.
- 10.7. Қайта құрылымдауға Оферта жіберілген кезден бастап Қарызгер Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған кезге дейін есептелетін мерзімнің ішінде Қарызды пайдаланғаны үшін Қарызгер Қарыз шартына қосымша келісімнің талаптарына сәйкес Серіктестікке сыйақы төлейді.

- **Тараптардың жауапкершілігі**

- 11.1. Қарыз шартының талаптарын бұзғаны үшін кінәлі Тарап зардап шеккен Тарапқа келтірілген залалдарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге міндетті.
- 11.2. Қарыз сомасын және есептелген Сыйақыны Қарыз шартымен көзделген мерзімде уақтылы қайтармағаны үшін Қарызгер Серіктестіктің талап етуі бойынша кешіктірудің әрбір күні үшін Қарыз сомасынан 0,33%, бірақ жыл ішіндегі Қарыз сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының сомасы 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге есептеледі.
- 11.3. Тұрақсыздық айыбын есептеу Қарызгердің Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын кешіктіру басталған күннен басталады.
- 11.4. Тұрақсыздық айыбын төлеу Қарызгерді Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.
- 11.5. Өтініш беруші/Қарызгер Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан 14 (он төрт) күнтізбелік күннен астам мерзімге кешіктірген жағдайда, Серіктестік Қарызгерден берешегін сотқа дейінгі тәртіппен өндіріп алу үшін коллекторлық агенттікке жүгінуге, атқарушылық жазба жасау рәсімін пайдалануға не бұзылған құқықтарын және өзінің заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

- 11.6. Серіктестікке тиесілі ақша қаражаттарын қайтару бойынша өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Серіктестіктің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген қажетті барлық шараларды пайдалануға құқығы бар. Бұл әрекеттермен байланысты барлық шығындарды Қарызгер көтереді.
- 11.7. Егер Қарызгер Қарыз төлемін кешіктіруге жол берсе не Берешекті Қарыз шартында көрсетілген мерзімде толықтай өтеуге жеткіліксіз соманы аударатын болса, Серіктестік кредит бюросына Қарызгердің төлем тәртібі туралы бар жағымсыз ақпаратты беруге құқығы бар.
- 11.8. Қарызгер Қарызды қайтару бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін бұзған жағдайда, Серіктестік өз қалауы бойынша Қарызгердің келісімінсіз үшінші тұлғаға өз құқықтарын құқықтарды шегініп беру (цессия) шартын жасасу жолымен шегініп бере алады. Серіктестік мұндай үшінші тұлғаға, сондай-ақ оның агенттеріне және ол уәкілетті еткен өзге тұлғаларға осындай шегініп беруді жасау үшін қажетті Қарыз, Берешек, Қарызгер туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ мұндай тұлғаларға Қарыз бойынша тиісті құжаттарды беруге құқылы. Серіктестік немесе оған Серіктестік Шарт бойынша өз құқықтарын (талаптарын) толықтай немесе ішінара шегініп беретін тұлға, сондай-ақ оның агенттері және ол уәкілетті еткен өзге тұлғалар Қарызгерге болған шегініп беру туралы хабарлама жібереді/тапсырады (шегініп берілген құқықтарға (талаптарға) қатысты төлемдерді жүзеге асыру үшін банк шотын көрсетумен Шарт бойынша Серіктестік шегініп берген құқықтар (талаптар) туралы тиісті құжаттарды қоса берумен). Бұл жағдайда Қарызгердің шегініп берілген құқықтар (талаптар) бойынша өз міндеттемелерін орындауын Қарызгер тиісті хабарламада көрсетілетін банк шотында және сондай тәртіппен жүзеге асыруы тиіс. Шегініп беру туралы хабарлама: Жеке кабинеттегі хабарлар мен хаттар арқылы/электрондық почта бойынша немесе басқа ыңғайлы тәсілмен жүзеге асырылады, бірақ бұлармен шектелмейді.
- 11.9. Қарызгер Қарызды уақтылы өтеу жөніндегі міндеттемелерін 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімге бұзған кезде Серіктестік мерзімінде төленбеген төлемдер сомасына Сыйақы есептеуді тоқтатуға құқылы.
- 11.10. Қарызгердің Қарыз шарты бойынша Серіктестік алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге осы Қағиданың 5.2-тармағына сәйкес үшінші тұлғалардың Кепілдігін беру жөніндегі міндеттемелерін Қарызгер бұзған кезде Қарызгер Серіктестікке Қарыз шартымен белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеуге міндеттенеді.

- **Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

12.1. Тарап міндеттемелерін орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін, егер бұл Тарап болжап біле алмаған немесе болдырмай қоя алмаған төтенше сипаттағы жағдайлардың нәтижесінде Қарыз шартын жасағаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. 12.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғат құбылыстары, індет, соғыс немесе әскери әрекеттер, сондай-ақ мемлекеттік билік немесе басқару органдарының шешімдері ұғынылады.

- 12.3. Мұндай жағдайлар басталған кезде олардың ықпалына ұшыраған Тарап басқа Тарапты олар туралы 5 күннің ішінде жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.
- 12.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасайтын Тарап басқа Тарапқа осы жағдайлардың болуын куәландыратын және мүмкіндігінше, Тараптың Қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне ықпалына баға беретін ресми құжаттарды беруі тиіс. Жалпыға белгілі сипаттағы еңсерілмейтін күш жағдайлары дәлелдеуді талап етпейді.
- 12.5. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының ықпалына тартылған Тарап осы жағдайлардың болуын куәландыратын құжаттарды жібермейтін болса, онда мұндай Тарап оны Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіздеме ретінде осындай жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.
- 12.6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған кезде Тараптың Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі оның ішінде осы жағдайлар және олардың салдарлары күшінде болатын уақытқа мөлшерлес жылжытылады. Егер басталған еңсерілмейтін күш жағдайлары және олардың салдарлары 15 күннен асатын болса, Тараптар Қарыз шартын орындаудың қолайлы баламалы тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

- **Дауларды шешу**

- 13.1. Тараптар өз қатынастарын өзара сенім және құпиялылық негізінде құрады, бірақ туындайтын болса, Серіктестік пен Қарызгер арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі. Егер Тараптар келіссөздер жүргізу барысында келісімге қол жеткізе алмаса, онда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестіктің орналасқан жеріндегі сотта қаралуы тиіс. Бұл ретте Тараптар шағымдық тәртіпті қарастырмайды.
- 13.2. Қарызгер Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда Серіктестіктің атқарушылық жазба жасау рәсімін пайдалануға құқығы бар екеніне Серіктестік пен Қарызгер келіседі.
- 13.3. Серіктестікке тиесілі ақшаны қайтару бөлігінде өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажетті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген барлық шараларды Серіктестік қабылдауға құқылы. Бұл ретте ақша қаражаттарын қайтару барысында Серіктестік жұмсаған барлық шығындарды Қарызгер көтереді.

- **Қорытынды ережелер**

- 14.1. Осы Қағида несиелік қоржынның құрылымындағы өзгерістерін, Серіктестік қызметінің қаржылық нәтижелерін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгерістерін ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайындағы және қаржы нарықтарының конъюнктурасындағы өзгерістерді ескере отырып, өзгертіле және толықтырыла алады.

- **Серіктестіктің деректемелері**

«Friendly Finance Kazakhstan МҚҰ» (Фрэндли Файнэнс Казахстан) ЖШС

БСН 161240019458

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бұқар Жырау бульвары, 26/1, 7 н.п.

«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ-ғы

ЖСК KZ889261802191860000

КБЕ 17 БСК KZKOKZKX